

№ ____ САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ

Астана қ.

201__ жылғы «__» _____

Бұдан әрі бірлесіп Тараптар деп аталатын _____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасындағы, бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын мемлекеттік басқару органы болып табылатын **«Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті» РММ,**

_____ негізінде әрекет етуші _____ тұлғасындағы бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____,

Мемлекеттік материалдық резервінен материалдық құндылықтарды шығару бойынша 201__ жылғы «__» _____ өткізілген тендерлік комиссия отырысының хаттамасына сәйкес төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. ШАРТ МӘНІ

1.1. № _____ лоттар бойынша жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын (бұдан әрі – Тауар) «Сатушы» сатуды міндетіне алады, ал «Сатып алушы» сатып алуды міндетіне алады.

2. ТАУАР КӨЛЕМІ

2.1. Тауардың атауы, өлшем бірлігі, саны осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада айтылған.

3. ТАУАРДЫ ТАПСЫРУДЫҢ МЕРЗІМІ МЕН ТӘРТІБІ

3.1. «Сатып алушыға» Тауар «Сатушы» берген шығару наряды негізінде тапсырылады. «Сатып алушыға» наряд шотқа қаржы қаражатының түскендігі туралы «Сатушы» ұсынған растауға сәйкес Тауардың толық төлемі түскеннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде беріледі.

3.2. Тауарды тапсыру шарты: EXW, Инкотермс-2010-ға сәйкес.

3.3. «Сатып алушы» Тауарды _____ (_____) _____ күн ішінде толығымен тасып әкетуі тиіс. Тауарды тасып әкету мерзімі наряд жазып берілген күннен бастап есептеледі.

4. БАҒАСЫ

4.1. Тауар бірлігінің бағасы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын қосымшада көрсетілген.

4.2. Тауардың жалпы құны: _____ (_____) теңгені құрайды.

4.3. Тауардың бағасы ҚҚС-н есептегенде «Сатушының» нарядына және "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының кодексінің (Салық кодексі) 400- бабына сәйкес көрсетілген.

5. ЕСЕП АЙЫРЫСУ ТӘРТІБІ

5.1. «Сатып алушы» Тауардың бүкіл көлеміне Шартқа қол қойылған күннен кейінгі келесі күннен бастап _____ (_____) _____ күн ішінде республикалық бюджетке о келесі деректемелерге сәйкес төлем жүргізеді:

РММ « Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаментінің Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы»
БСН 981 140 00 1105
ЖСК KZ24070105KSN0000000
БСК ККМФКZ2А
Бек 11
ТТК 911
БСК 302104 – Жұмылдыру резервінің материалдық құндылықтарын өткізуден түсімдер.

6. ТАПСЫРУ-ҚАБЫЛДАУ

6.1. Тауарды шығару төрт данада жасалған «Сатып алушы», «Сатушы» өкілдері және сақтау пунктері қол қойған Қабылдау-тапсыру актісімен ресімделеді.

6.2. Қабылдау-тапсыру актісінде көрсетілген көлемге сәйкес Тауарды «Сатушы» тапсырды және «Сатып алушы» қабылдады деп саналады.

6.3. «Сатып алушы» өкілі Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойғаннан кейін Тауардың саны мен сапасына қатысты талаптар қабылданбайды.

6.4. Тауарды тиеу кезінде пайда болған табиғи азаю «Сатып алушы» есебіне жатады.

6.5. Көлік құралдарын жалдауға, вагондарды және басқа көлік құралдарын келтіруге/жинауға қатысты барлық шығындар, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларында белгіленген барлық мүмкін болатын шығындар (жинаулар, баж салықтары, төлемдер және басқада шығындар) «Сатып алушы» есебіне жатады.

6.6. «Сатып алушы» көлігіне Тауарды тиеуге қатысты шығындар «Сатып алушы» есебіне жатады.

7. МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ

7.1. Тауарға меншік құқығы Тараптар өкілдері Тауарды қабылдау-тапсыру актісіне қол қойған сәттен бастап «Сатушыдан» «Сатып алушыға» көшеді.

8. ТАРАПТАР ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

8.1. «Сатып алушы» Тауардың осы шарттың 5.1.-тармағында көрсетілген төлем мерзімін бұзған жағдайда «Сатып алушы» әрбір мерзімі кешіктірілген күнтізбелік күн үшін мерзімде төлемеген Тауардың құнының 0,1%-ы мөлшерінде республикалық бюджетке о келесі деректемелерге сәйкес төлем жүргізеді:

РММ « Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Астана қаласының Мемлекеттік кірістер департаментінің Алматы ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы»

БСН 981 140 00 1105

ЖСК KZ24070105KSN0000000

БСК ККМФКZ2А

Бек 11

ТТК 911

БСК 204113 – өсімақы, айыппұл.

Бұл ретте тұрақсыздық өсімақының жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

8.2. Төлем 10 (он) жұмыс күннен артық кешіктірілген жағдайда «Сатушы» осы шартты «Сатып алушыға» хабарлама жолдау жолымен біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Шартты бұзу күні «Сатушының» «Сатып алушыға» хабарлама жолдаған күні болып табылады.

8.3. «Сатып алушы» осы шарт негізінде қабылдаған міндеттемелердің кез-келгенін орындамаған жағдайда «Сатушы» шартты біржақты бұзғанда «Сатып алушы» «Сатушыға» жалпы Тауар құнының 0,1%-ы мөлшерінде республикалық бюджетке осы Шарттың 8.1. тармағында көрсетілген деректемелерге сәйкес айыппұл төлейді.

8.4. «Сатып алушы» осы шарттың 3.3 –тармағында көрсетілген Тауарды тасып әкету мерзімін бұзған жағдайда «Сатып алушы» «Сатушыға», әрбір мерзімі кешіктірілген күнтізбелік күн үшін мерзімде тасып әкетпеген Тауардың құнының 0,1%-ы мөлшерінде республикалық бюджетке осы Шарттың 8.1. тармағында көрсетілген деректемелерге сәйкес айыппұл төлейді. Бұл ретте тұрақсыздық өсімақының жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-нан аспауға тиіс.

8.5. «Сатып алушы» Шартты біржақты тәртіпте бұзған жағдайда «Сатып алушы» «Сатушыға» Тауардың жалпы құнының 5%-ы мөлшерінде республикалық бюджетке осы Шарттың 8.1. тармағында көрсетілген деректемелерге сәйкес айыппұл төлейді. Бұл ретте шартты бұзу күні «Сатушы» мен «Сатушыға» шартты орындаудан біржақты бас тарту туралы «Сатып алушының» хабарламасын алған күні болып табылады.

8.6. Айыппұл мен өсімақы төлеу «Сатып алушыны» осы шарт бойынша міндеттемелерді толық көлемде орындаудан босатпайды.

8.7. «Сатушыға» «Сатып алушының» осы шарт бойынша міндеттемелерін орындамауы салдарынан келтірілген шығындардың орнын соңғысы осы шартпен көзделген өсімақы мен айыппұлдан тыс толтырады.

8.8. «Сатып алушы» шарттың 3.3 –тармағында көрсетілген Тауарды тасып әкету мерзімін бұзған жағдайда, «Сатып алушы» Тауардың кездейсоқ жойылу, бұзылу немесе кездейсоқ бүліну қаупін өз мойнына алады.

8.9. «Сатушы» акцептсіз тәртіпте «Сатып алушы» шарт бойынша Тауар үшін төлеген сомадан өсімақы мен айыппұл сомасын ұстап қалуға құқылы.

9. ФОРС-МАЖОР

9.1. Егер соғыс, табиғи зілзала, өрт секілді еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан болса, онда осы шарт бойынша өз міндеттемелерін толық немесе ішінара орындамаған Тараптардың ешқайсысы жауапкершілік тартпайды. Егер осындай жағдайлардың кез-келгені міндеттемені осылай орындауының мерзіміне тікелей әсер ететін болса, онда бұл мерзім сондай жағдайдың соған сәйкес әрекет мерзіміне ығыстырылады немесе шарт жазбаша келісім бойынша бұзылады.

9.2. Шарт бойынша міндеттемелерін орындауға мүмкіндігінің болмауы туындаған Тарап міндеттемелерді орындауға кедергі келтіруші еңсерілмейтін күш жағдайының туғандығы туралы басқа Тарапты 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етуі тиіс. Егер «Сатып алушы» «Сатушыны» еңсерілмейтін күш жағдайының туғандығы туралы ол туындаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жазбаша хабардар етпесе, «Сатушының» оны назарға алмауына құқығы бар.

9.3. Егер форс-мажор жағдайының ұзақтығы 30 (отыз) күнтізбелік күннен асса, онда кез-келген Тарап шартты бұзу күнінен 10 (он) күнтізбелік күн бұрын ол туралы басқа Тарапты жазбаша хабарландыра отырып Шартты бұзуға құқылы.

9.4. Форс-мажор жағдайының болуы және оның ұзақтығына Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген анықтамалар тиісті дәлел болады.

10. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫС МЕРЗІМІ

10.1. Осы шарт Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 201__ жылғы «__» _____ дейін қолданыста болады.

10.2. Осы шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, міндеттемелерді орындаудан біржақты бас тартуға және/немесе осы шартты біржақты бұзуға жол берілмейді.

11. ДАУДЫ ШЕШУ

11.1. Тараптар арасындағы барлық дау келіссөз жолымен шешіледі.

11.2. Тараптар келісімге келе алмаған барлық дау қолданыстағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі. Сот ісін жүргізу орны Астана қаласы болып табылады.

12. БАСҚА ДА ТАЛАПТАР

12.1. Осы шарт мемлекеттік және орыс тілдерінде бірдей заңдық күші бар үш төл данада, әр Тарапқа біреуден жасалды.

12.2. Осы шартқа қол қойылғаннан кейін ол бойынша барлық алдын ала жұмыстар, хат алмасу, алдын ала келісімдер және осы шартқа қандай да бір қатысты мәселелер бойынша ниет туралы хаттамалар күшін жояды.

12.3. Осы шартқа қол қою сәтінде «Сатып алушы» Тауардың техникалық және технологиялық сипаттамаларымен танысты және болашақта тапсырылған Тауардың сапасы бойынша «Сатушы» пен «Кәсіпорынға» қандай да бір шағымы мен талабы болмайды.

13. ТАРАПТАРДЫҢ РЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ

САТУШЫ

«Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің Мемлекеттік материалдық резервтер комитеті» РММ
Астана қ., Янушкевич көшесі, 2
БСН 941 140 000 338
ЖСК KZ92070101KSN0000000
БСК ККМФКZ2А
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ

САТЫП АЛУШЫ

